

Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі деректер базасын қалыптастыру және жүргізу және одан үзінді көшірмелер беру қағидасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2010 жылғы 2 маусымдағы N 367 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 3 шілдеде Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6321 болып енгізілді.

Ескерту. Бұйрықтың атауы жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2012.03.02 № 18-02/85 (ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 39) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жана редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 19.10.2023 № 362 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Ұсынылып отырған, Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі деректер базасын қалыптастыру және жүргізу және одан үзінді көшірмелер беру қағидасы бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2012.03.02 № 18-02/85 (ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

2. Мал шаруашылығын дамыту және ветеринариялық қауіпсіздік департаменті (Р.Ә. Тоқсеитова) заңнамада белгіленген тәртіпте осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

А. Күрішбаев

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2010 жылғы 2 маусымдағы
№ 367 бұйрығымен
бекітілген

Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі деректер базасын қалыптастыру , жүргізу және одан үзінді көшірмелер беру қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 19.10.2023 № 362 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі деректер базасын қалыптастыру, жүргізу және одан үзінді көшірмелер беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 8-бабы 39) тармақшасына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқорды қалыптастыру және жүргізу және одан үзінді көшірмелер беру тәртібін, сондай-ақ "Ауыл шаруашылығы жануарлары туралы мәліметтерді өзектендіру (түзету)" мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) көрсету тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқор (бұдан әрі – дерекқор) – диагностикалық зерттеулер нәтижелерін қоса алғанда, жануардың жеке нөмірі туралы, оны ветеринариялық дауалау туралы деректерді, сондай-ақ жануарды иеленуші туралы деректерді тіркеудің бірыңғай, көпденгейлі жүйесін көздейтін, жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар жүзеге асыратын және уәкілетті орган пайдаланатын ветеринариялық есепке алудың бір бөлігі;

2) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқорға қолжетімділік (бұдан әрі – дерекқорға қолжетімділік) – мәліметтерді енгізу, өзектілендіру, түзету, ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқордағы мәліметтермен танысу, көшірмесін жасауды, талдауды және дерекқордағы мәліметтермен басқа да операцияларды қоса алғанда, оны өңдеу;

3) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқордан үзінді-көшірме (бұдан әрі – дерекқордан үзінді-көшірме) – уәкілетті орган бекіткен тәртіппен және нысанда жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдардың ветеринария саласындағы мамандары ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқордан жануарлар иелерінің талап етуі бойынша алатын диагностикалық зерттеулер нәтижелерін қоса алғанда, жүргізілген ветеринариялық іс-шаралардың мерзімдері мен сипаты туралы мәліметтер;

4) ветеринария саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – ветеринария саласындағы басшылықты, сондай-ақ өз құзыреті шегінде салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

5) оператор – мемлекеттік ақпараттық жүйені сүйемелдеуді жүзеге асыратын заңды тұлға;

6) уәкілетті органның құрылымдық бөлімшесі – уәкілетті органның мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді дамыту және агроөнеркәсіптік кешенді цифрландыру саласындағы функцияларды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесі;

7) "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, бүкіл шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік және өзге де қызметтерге қол жеткізудің бірыңғай терезесі болып табылатын ақпараттандыру объектісі;

8) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық символдар жиынтығы.

3. Дерекқордың жұмыс істеуі тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйе, мемлекеттік ақпараттық жүйенің (бұдан әрі – ақпараттық жүйе) мобильдік қосымшасы арқылы жүзеге асырылады.

4. Дерекқор мыналарға арналады:

1) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендірудің және оларды мемлекеттік есепке алудың бірыңғай қағидаттарын қамтамасыз ету;

2) ауыл шаруашылығы жануарларының республика ішінде және олардың экспорты мен импорты кезінде орнын ауыстыруын бақылаудың бірыңғай автоматтандырылған жүйесін құру;

3) эпизоотияға қарсы, ветеринариялық, ветеринариялық-профилактикалық іс-шаралар мен диагностикалық зерттеулердің дұрыстығын қамтамасыз ету;

4) мемлекеттік органдарды ауыл шаруашылығы жануарлары туралы ақпаратпен қамтамасыз ету;

5) ауыл шаруашылығы жануарлары туралы ақпарат алу;

6) ветеринария саласындағы тәуекелдерді басқару жүйесін қалыптастыру және оны жұмыс істету;

7) бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылауды қоса алғанда, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалау жүргізу.

5. Оператор дерекқорға қолжетімділікті "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Ақпараттандыру туралы заң) сәйкес:

1) уәкілетті органның құрылымдық бөлімшесінің дерекқорға қолжетімділік беру туралы хаты негізінде:

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің (бұдан әрі – ведомство) және оның аумақтық бөлімшелерінің қызметкерлерін қоспағанда, уәкілетті органның қызметкерлеріне;

мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қызметкерлеріне (өздеріне бекітіліп берілген функцияларды жүзеге асыру үшін ішкі істер органдары, кеден органдары, шекара қызметі және басқа да мемлекеттік органдар мен ұйымдар);

2) ведомствоның дерекқорға қолжетімділік беру туралы хаты негізінде: ведомствоның және оның аумақтық бөлімшелерінің қызметкерлеріне;

Заңның 11-бабының 1-тармағына сәйкес құрылған ветеринария саласындағы мемлекеттік ветеринариялық ұйымдардың мамандарына;

3) ведомствомен келісу бойынша:

облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелерінің қызметкерлеріне;

Заңның 11-бабының 4-тармағына сәйкес облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдардың ветеринария саласындағы мамандарына (бұдан әрі – ветеринария саласындағы маман);

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 7-1/68 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11127 болып тіркелген) бекітілген Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру қағидаларының (бұдан әрі – Бірдейлендіру қағидалары) 27-тармағына сәйкес ауыл шаруашылығы құралымдарында, шаруа, фермер қожалықтарында ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру рәсімін және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 30 маусымдағы № 16-07/332 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9639 болып тіркелген) бекітілген Жануарлардың аса қауіпті ауруларына қарсы ветеринариялық іс-шараларды жоспарлау және өткізу қағидаларының (бұдан әрі – Жануарлардың аса қауіпті ауруларына қарсы ветеринариялық іс-шараларды жоспарлау және өткізу қағидалары) 15-тармағына сәйкес қан сынамаларын алуды жүзеге асыратын ауыл шаруашылығы құралымдарының, шаруа, фермер қожалықтарының ветеринариялық дәрігерлеріне (бұдан әрі – шаруашылықтың ветеринариялық дәрігері) береді.

2-тарау. Дерекқорды қалыптастыру және жүргізу тәртібі

6. Дерекқор электрондық түрде жүргізіледі. Дерекқорды жүргізу дерекқорға рұқсатсыз кіруді болдырмауды қамтамасыз ететін жағдайларда жүзеге асырылады.

7. Дерекқорда жұмыс істеу кезінде:

1) бір дербес бірегей логинді бірнеше пайдаланушының пайдалануына;

2) пайдаланушының өзінің жеке ЭЦҚ-сын, бірегей логинін және құпиясөзін үшінші адамға беруіне;

3) дерекқорға заңсыз қолжетімділікке байланысты іс-қимылдар жасауға, сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздікке қатер төндіретін іс-қимылдар жасауға;

4) Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасын бұзуға;

5) мемлекеттік техникалық қызметтің бағдарламалық (бағдарламалық-техникалық) құралдарының жұмысына кедергі жасау немесе бұғаттау, сол сияқты мемлекеттік техникалық қызмет қызметкерлерінің мемлекеттік техникалық қызметпен өзара іс-қимыл жасайтын ақпараттандыру объектілерімен жұмысына кедергі жасау түрінде жасалған дерекқорды қорғау құралдарын пайдалану жөніндегі талаптарды бұзуға;

6) азаматтардың дербес деректерін немесе Қазақстан Республикасының заңдарымен қол жеткізуге шектеу қойылған мәліметтерді қамтитын электрондық ақпараттық ресурстарды олардың меншік иесінің немесе иеленушісінің заңсыз таратуына;

7) бастапқы кодты (бастапқы мәтінді) қалпына келтіруге, зерделеуге, көшіруге бағытталған заңсыз әрекеттерді жүзеге асыруға;

8) дерекқордан ақпаратқа рұқсаты жоқ пайдаланушыларға осы ақпаратты беруге жол берілмейді.

Ақпараттық қауіпсіздік талаптарын қамтамасыз ету үшін дерекқорға қолжетімділікті ұсынудың қолданылу мерзімі бір күнтізбелік жылмен шектелген. Бұл шектеулер есепке алу жазбасын жасау кезінде белгіленеді.

Дерекқорда 90 (тоқсан) күнтізбелік күннен астам уақыт қызметін жүзеге асырмаған пайдаланушының есепке алу жазбасын дерекқор автоматты түрде бұғаттайды.

8. Дерекқорды жүргізу мыналарды қамтиды:

1) осы Қағидалардың 21-тармағында көрсетілген мәліметтерді дерекқорға енгізу;

2) осы Қағидалардың 21, 22, 23 және 24-тармақтарында көрсетілген мәліметтерді дерекқорда өзектендіру (түзету);

3) дерекқордағы мәліметтерді талдау және өңдеу.

9. Дерекқор ашық және жабық бөліктерден тұрады.

Дерекқордың ашық бөлігінде (ЭЦҚ, логин мен құпиясөз талап етілмейді) мынадай ақпарат қолжетімді болады:

1) республика, облыс, қала, аудан және ауылдық округ бойынша есепке алынған ауыл шаруашылығы жануарларының барлық түрлерінің статистикасы;

2) ауыл шаруашылығы жануарының жеке нөмірі бар ауыл шаруашылығы жануары туралы ақпарат;

3) пайдалы ақпарат (нормативтік құқықтық актілер, анықтамалық материалдар);

4) оператордың колл-орталығының байланыс ақпараты.

Дерекқордың ашық бөлігінің ақпараты барлық жеке және заңды тұлғалар үшін қолжетімді болады.

Жабық бөлік авторландырылуды қажет етеді (ЭЦҚ, логин және құпиясөз болуы қажет) және осы Қағидалардың 21, 22, 23 және 24-тармақтарында көрсетілген мәліметтерді енгізуге, өзектілендіруге, түзетуге, талдауға және өңдеуге арналған.

10. Шаруашылықтардың ветеринариялық дәрігерлері үшін дерекқорда мынадай функциялар қолжетімді болады:

1) дерекқорға осы Қағидалардың 21-тармағында көрсетілген, ауыл шаруашылығы жануарларына қызмет көрсететін ауыл шаруашылығы құралымындағы, шаруа, фермер қожалығындағы ауыл шаруашылығы жануарлары жөніндегі мәліметтерді енгізу;

2) дерекқорда осы Қағидалардың 21-тармағында көрсетілген, ауыл шаруашылығы жануарларына қызмет көрсететін ауыл шаруашылығы құралымындағы, шаруа, фермер қожалығындағы ауыл шаруашылығы жануарлары жөніндегі мәліметтерді өзектілендіру ;

3) дерекқорда ауыл шаруашылығы жануарларына қызмет көрсететін ауыл шаруашылығы құралымындағы, шаруа, фермер қожалығындағы ауыл шаруашылығы жануарлары жөніндегі мәліметтерді талдау және өңдеу.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген мәліметтерді шаруашылықтардың ветеринариялық дәрігерлері дерекқорға енгізгеннен кейін олар дерекқорда алдын ала тіркеуге арналған хабарлама түрінде қалыптасады. Алдын ала тіркеуге арналған хабарлама дерекқорға енгізілген мәліметтерді растау үшін ветеринария саласындағы маманға жіберіледі.

Ветеринария саласындағы мамандар растайтын дерекқорға (-да) мәліметтер енгізуді және оларды өзектілендіруді шаруашылықтың авторландырылған ветеринариялық дәрігері жүзеге асырады.

Шаруашылықтардың ветеринариялық дәрігерлері дерекқорға енгізілген, өзектілендірілген мәліметтердің толықтығы мен дұрыстығын қамтамасыз етеді.

11. Ветеринария саласындағы мамандар үшін дерекқорда мынадай функциялар қолжетімді болады:

1) дерекқорға осы Қағидалардың 21-тармағында көрсетілген, ауыл шаруашылығы жануарларына қызмет көрсететін тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердегі ауыл шаруашылығы жануарлары жөніндегі мәліметтерді енгізу;

2) дерекқорда осы Қағидалардың 21-тармағында көрсетілген, ауыл шаруашылығы жануарларына қызмет көрсететін тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердегі ауыл шаруашылығы жануарлары жөніндегі мәліметтерді өзектілендіру;

3) дерекқорда осы Қағидалардың 22, 23 және 24-тармақтарында көрсетілген, ауыл шаруашылығы жануарларына қызмет көрсететін тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердегі ауыл шаруашылығы жануарлары жөніндегі мәліметтерді өзектендіру (түзету);

4) дерекқорда ауыл шаруашылығы жануарларына қызмет көрсететін тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердегі ауыл шаруашылығы жануарлары жөніндегі мәліметтерді талдау және өңдеу;

5) дерекқорда шаруашылықтардың ветеринариялық дәрігерлерінің осы Қағидалардың 10-тармағының бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген дерекқорда мәліметтерді алдын ала тіркеуге арналған хабарламаларын растау не растаудан бас тарту.

Дерекқорға мәліметтерді енгізуді, өзектілендіруді және түзетуді ветеринария саласындағы авторландырылған маман жүзеге асырады.

Ветеринария саласындағы мамандар дерекқорға енгізілген, өзектілендірілген, түзетілген мәліметтердің толықтығы мен дұрыстығын қамтамасыз етеді.

12. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелерінің қызметкерлері үшін дерекқорда тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердегі ауыл шаруашылығы жануарлары жөніндегі мәліметтерді талдау және өңдеу функциясы қолжетімді болады.

13. Заңның 11-бабының 1-тармағына сәйкес құрылған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдардың ветеринария саласындағы мамандары үшін дерекқорда ауыл шаруашылығы жануарлары жөніндегі мәліметтерді талдау және өңдеу функциясы қолжетімді болады.

14. Ведомствоның және оның аумақтық бөлімшелерінің қызметкерлері үшін дерекқорда мынадай функциялар қолжетімді болады:

1) ауыл шаруашылығы жануарлары жөніндегі мәліметтерді талдау және өңдеу;

2) шаруашылықтардың ветеринариялық дәрігерлерінің, ветеринария саласындағы мамандардың дерекқорға мәліметтерді уақтылы және дұрыс енгізуін бақылау;

3) ауыл шаруашылығы жануарларына жеке нөмірлердің берілуін және иелерінің пайдалануын, ауыл шаруашылығы жануарларының орын ауыстыруын, дерекқор мәліметтерінің толықтығы мен дұрыстығын бақылау;

4) деректерді жинақтауды, талдауды, сақтауды қоса алғанда, дерекқордың мәліметтерін өз жұмысында пайдалану.

15. Уәкілетті органның қызметкерлері үшін дерекқорда мынадай функциялар қолжетімді болады:

1) ауыл шаруашылығы жануарлары жөніндегі мәліметтерді талдау және өңдеу;

2) деректерді жинақтауды, талдауды, сақтауды қоса алғанда, дерекқордың мәліметтерін өз жұмысында пайдалану.

16. Мемлекеттік органдар мен ұйымдардың (ішкі істер органдары, кеден органдары, шекара қызметі және басқа да мемлекеттік органдар мен ұйымдар – өздеріне бекітіліп берілген функцияларды жүзеге асырулары үшін) қызметкерлері үшін дерекқорда ауыл шаруашылығы жануарларының иелері туралы мәліметтерді ауыл шаруашылығы

жануарларының жеке нөмірлері бойынша салыстырып тексеру функциясы қолжетімді болады.

17. Дерекқордағы құпия ақпаратқа қол жеткізу Ақпараттандыру туралы заңға сәйкес реттеледі.

18. Мәліметтерді басқа ақпараттық жүйелерден дерекқорға беру немесе керісінше жасау Ақпараттандыру туралы заңға сәйкес жүзеге асырылады.

19. Оператор дерекқорды ауыл шаруашылығы жануарларын олардың ауыртпалығы (кепілі) туралы тіркеуді қоса алғанда, мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен интеграциялауды жүргізеді.

20. Дерекқор тәулік бойғы режимде қолжетімді болады.

Оператор 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті органның интернет-ресурсында және дерекқорда дерекқордың жұмысында жоспарланған техникалық үзілістер туралы ақпарат орналастыра отырып, бұлар туралы пайдаланушыларды хабардар етеді.

Дерекқорда берілген күнге, есепті кезеңге мынадай ақпарат жүктеп алынады (қалыптастырылады):

1) тіркелген және есептен шығарылған ауыл шаруашылығы жануарлары (ауыл шаруашылығы жануарларының барлық түрлері бойынша) туралы;

2) жүргізілген ветеринариялық-профилактикалық іс-шаралар (қысқаша, толық) туралы;

3) диагностикалық зерттеулер (қысқа, толық) туралы;

4) ауыл шаруашылығы жануарларының ауыстырылған жеке нөмірлері туралы;

5) ауыл шаруашылығы жануарларының тұқымдары бойынша;

6) ауыл шаруашылығы жануарларының жыныс-жас топтары бойынша;

7) ауыл шаруашылығы жануарларына берілген жеке нөмірлер туралы;

8) ауыл шаруашылығы жануарын карантинге қою бойынша;

9) дерекқордағы мәліметтерге жүргізілген түзетулер мен өзектендірулер туралы.

21. Дерекқорды қалыптастыру және жүргізу мыналарды қамтиды:

1) ауыл шаруашылығы жануарларын иеленуші туралы мәліметтерді енгізу:

заңды тұлғалар үшін: өндіріс объектісінің атауы, орналасқан жерінің мекенжайы, есепке алу нөмірі, бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН);

жеке тұлғалар үшін: аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, заңды мекенжайы, өндіріс объектісінің есепке алу нөмірі (бар болса), жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН);

2) бірдейлендірілген ауыл шаруашылығы жануарлары туралы мынадай мәліметтерді енгізу (өзектілендіру):

ауыл шаруашылығы жануарының жеке нөмірі;

тұқымы (бар болса);

жынысы;

түрі;

ауыл шаруашылығы жануарын піштіру туралы мәліметтер;

лақап аты (бар болса);

туу туралы мәліметтер (жасы, туған күні) (ауыл шаруашылығы жануарының туу туралы мәліметтері дерекқорға енгізілген сәттен бастап ауыл шаруашылығы жануарының жасын автоматты түрде есептеу жүзеге асырылады);

ауыл шаруашылығы жануарының шығу тегі туралы мәліметтер (сатып алу, туу, импорт, сыйға тарту, пайдалану құқығын беру, иелену және ауыл шаруашылығы жануарының шығу тегінің басқа да жағдайлары);

ауыл шаруашылығы жануарының есепке қойылған күні;

ауыл шаруашылығы жануарының қырылуы (өлім-жітімі) туралы деректер: қырылу (өлу) фактісі, қырылу (өлу) себептері белгіленген күн;

союға жіберілген күні, сою күні, сою себептері (тек санитариялық және мәжбүрлі сою кезінде) көрсете отырып, ауыл шаруашылығы жануарын сою (жеке тұтыну үшін өткізу, санитариялық сою, мәжбүрлі сою) туралы деректер, заңды тұлғаның атауы (жеке тұлғалар үшін – аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, ЖСН-сы), ауыл шаруашылығы жануары сойылған (өлтірілген) өндіріс объектісінің БСН-сын, есепке алу нөмірі мен мекенжайы;

ауыл шаруашылығы жануарын алып қою және жою туралы деректер: алып қою және жою себебі, күні, заңды тұлғаның атауы (жеке тұлғалар үшін – аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, ЖСН-сы), ауыл шаруашылығы жануары алып қойылған және жойылған өндіріс объектісінің БСН-сы, есепке алу нөмірі мен мекенжайы;

ауыл шаруашылығы жануарын өткізу туралы деректер: өткізуге жіберілген күні, өткізілген күні, заңды тұлғаның атауы (жеке тұлғалар үшін – аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, ЖСН-сы), ауыл шаруашылығы жануары өткізілген өндіріс объектісінің БСН-сы, есепке алу нөмірі мен мекенжайы, елді мекеннің атауы.

Егер ауыл шаруашылығы жануары өткізуге жіберілсе, онда дерекқорда "өткізуге" деп көрсетіледі және ауыл шаруашылығы жануары өткізілген жағдайда, дерекқорда ауыл шаруашылығы жануарын жаңа иеленушілер туралы мәліметтер көрсетіле отырып, "өткізілді" деп көрсетіледі. Егер ауыл шаруашылығы жануары өткізілмесе, онда дерекқорда "өткізу" мәртебесі себептерін көрсете отырып, "қайта есепке қою" мәртебесіне өзгереді;

ауыл шаруашылығы жануарының жоғалғаны туралы деректер: жоғалған күні, заңды тұлғаның атауы (жеке тұлғалар үшін – аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, ЖСН-сы), өндіріс объектісінің есепке алу нөмірі мен мекенжайы, БСН-сы;

ауыл шаруашылығы жануарының жеке нөмірінің жоғалғаны туралы деректер: жоғалған күні, жоғалу себептері. Ауыл шаруашылығы жануарының жаңа жеке нөмірі ауыл шаруашылығы жануарының бұрынғы жеке нөміріне байланыстырылады;

ауыл шаруашылығы жануарларының мүлiктiк тиесiлiлiгi (ауыл шаруашылығы жануарларын иеленушiлердi анықтаудың мүмкiн еместiгi – қараусыз қалған ауыл шаруашылығы жануарлары) анықталмаған ауыл шаруашылығы жануарларын уақытша тiркеу туралы деректер. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексiнiң 246-бабына сәйкес ауыл шаруашылығы жануарларының мүлiктiк тиесiлiлiгi айқындалғанға дейiн тиiстi әкiмшiлiк-аумақтық бiрлiктiң жергiлiктi атқарушы органына уақытша тiркеу жүзеге асырылады;

3) ауыл шаруашылығы жануарларының орнын ауыстыру туралы мәлiметтердi енгiзу (өзектiлендiру):

орын ауыстыру күнi мен себебi;

ауыл шаруашылығы жануары кеткен және (немесе) оған жiберiлген және келген иеленушi туралы деректер, әкiмшiлiк-аумақтық бiрлiк:

заңды тұлғалар үшiн: атауы, орналасқан жерiнiң мекенжайы, заңды мекенжайы, есепке алу нөмiрi, БСН-сы;

жеке тұлғалар үшiн: аты, әкесiнiң аты (бар болса), тегi, заңды мекенжайы, есепке алу нөмiрi (бар болса), ЖСН-сы;

ауыл шаруашылығы жануарлары импортталған немесе экспортталған жағдайда – импорт немесе экспорт елiнiң (әкiмшiлiк аумақтың) атауы, ауыл шаруашылығы жануарларын карантиндеудi жүргiзу туралы мәлiметтер (карантиндеудiң басталған және аяқталған күнi, карантиндеудi жүргiзу орны (заңды тұлғалар үшiн: атауы, орналасқан жерiнiң мекенжайы, есепке алу нөмiрi, БСН-сы; жеке тұлғалар үшiн: аты, әкесiнiң аты (бар болса), тегi, заңды мекенжайы, есепке алу нөмiрi (бар болса), ЖСН-сы); ауыл шаруашылығы жануарлары саулығының жай-күйi, ветеринариялық-профилактикалық, емдiк iс-шаралар мен диагностикалық зерттеулер және оларды жүргiзу күнiн, карантиндеу нәтижелерiн көрсетудi қоса алғанда, олардың нәтижелерi туралы мәлiметтер). Импортталған ауыл шаруашылығы жануарлары туралы мәлiметтер карантиндеуден өткеннен кейiн дерекқорда шығу елiнде бiрдейлендiрiлген ауыл шаруашылығы жануарының жеке нөмiрi сақтала отырып тiркеледi.

Ауыл шаруашылығы жануарларын бiр әкiмшiлiк-аумақтық бiрлiктен басқа әкiмшiлiк-аумақтық бiрлiкке ауыстыру кезiнде ауыл шаруашылығы жануарларын тасымалдау туралы мәлiметтер ауыл шаруашылығы жануарларының келген жерi бойынша тиiстi әкiмшiлiк-аумақтық бiрлiктiң дерекқорында көрсетiледi;

4) ауыл шаруашылығы жануарлары саулығының жай-күйi, ауыл шаруашылығы жануарларына карантиндеу, жүргiзiлген күнiн көрсетудi қоса алғанда, ветеринариялық-профилактикалық, емдiк iс-шаралар мен диагностикалық зерттеулер жүргiзу және олардың нәтижелерi туралы мәлiметтердi енгiзудi (өзектiлендiру);

5) дерекқорда осы тармақта, сондай-ақ осы Қағидалардың 22, 23 және 24-тармақтарында көрсетiлген мәлiметтердi өзектендiру (түзету).

22. Ауыл шаруашылығы жануарларын иеленушілері туралы мәліметтерді, сондай-ақ бірдейлендірілген ауыл шаруашылығы жануарлары туралы мәліметтерді дерекқорда өзектілендіру:

1) жеке тұлғаның-ауыл шаруашылығы жануары иесінің аты, әкесінің аты (бар болса), тегі өзгерген;

2) дара кәсіпкер-ауыл шаруашылығы жануарын иеленуші қайта тіркелген, оның атауы, заңды мекенжайы, өндіріс объектісінің есепке алу нөмірі өзгерген;

3) заңды тұлға-ауыл шаруашылығы жануарын иеленуші басқа заңды тұлғаға біріктіру, өзгерту, қосу, бөліп шығару нысандарында қайта ұйымдастырылған;

4) заңды тұлға-ауыл шаруашылығы жануарын иеленушінің өндіріс объектісінің орналасқан жерінің мекенжайы, есепке алу нөмірі өзгерген;

5) ауыл шаруашылығы жануарларына меншік құқығы немесе өзге де заттық құқық туындаған, өзгерген, тоқтатылған жағдайларда жүзеге асырылады.

23. Ауыл шаруашылығы жануарларының иелері туралы мынадай мәліметтер дерекқорда түзетілуі тиіс:

1) атындағы, әкесінің атындағы (бар болса), тегіндегі /заңды тұлғаның атауындағы әріптерді өзгерту, олқылықтарды жою;

2) ЖСН-дағы, БСН-дағы сандарды өзгерту, олқылықтарды жою.

24. Дерекқорда ауыл шаруашылығы жануарлары туралы мынадай мәліметтер түзетілуі тиіс:

1) ауыл шаруашылығы жануарының жеке нөмірі;

2) жынысы;

3) түрі;

4) ауыл шаруашылығы жануарының піштірілгені туралы мәліметтер;

5) туған күні;

6) тұқымы.

25. Ветеринариялық іс-шараларды (профилактикалық вакциналау, аллергиялық, диагностикалық зерттеулер, жануарларды бірдейлендіру) қоспағанда, осы Қағидалардың 21-тармағында көрсетілген мәліметтерді дерекқорға енгізу оқиға орын алған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірілмей, оның ішінде берілген ветеринариялық құжаттар (ветеринариялық анықтама, ветеринариялық сертификат) және (немесе) Заңның 25-бабының б) тармақшасына сәйкес жеке және заңды тұлғалардың хабарламалары бойынша және (немесе) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалау нәтижелері бойынша жүргізіледі.

Ветеринариялық іс-шаралар (профилактикалық вакциналау, аллергиялық, диагностикалық зерттеулер, жануарларды бірдейлендіру) бойынша мәліметтерді дерекқорға енгізу олар жүргізілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Дерекқорға аллергиялық зерттеулердің нәтижелері туралы мәліметтерді енгізу аллергиялық зерттеулер оқылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

Дерекқорға диагностикалық зерттеулердің нәтижелері туралы мәліметтерді енгізу диагностикалық зерттеулердің нәтижелері алынған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

26. Ветеринария саласындағы мамандар Бірдейлендіру қағидаларына 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалған ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізу туралы ведомостің, Жануарлардың аса қауіпті ауруларына қарсы ветеринариялық іс-шараларды жоспарлау және өткізу қағидаларына 1 және 3-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша Бірдейлендіру, жүргізілген ветеринариялық іс-шаралар туралы актінің және қан сынамаларын алу актісінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы № 7-1/19 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10410 болып тіркелген) бекітілген Сараптама актісін (сынақ хаттамасын) беру қағидаларына сәйкес мемлекеттік ветеринариялық зертхана берген сараптама актісінің (сынақ хаттамасының) негізінде осы Қағидалардың 21-тармағында көрсетілген ветеринариялық іс-шаралар жөніндегі мәліметтердің дерекқорға енгізілуін жүзеге асырады.

27. Барлық мәліметтерді енгізу, түзету, өзектендіру тарихы дерекқорда сақталады.

28. Ауыл шаруашылығы жануарын иеленушінің өтініші бойынша осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жазбаша өтініш тіркелген күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде ветеринария саласындағы маман осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқордан үзінді көшірме береді, ол бір данада басып шығарылады.

Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқордан үзінді-көшірмені және ондағы мәліметтерді дерекқорда ветеринария саласындағы маман электрондық түрде қалыптастырады және ветеринария саласындағы маманның ЭЦҚ-мен куәландырылады, дерекқордан басып шығарылады және ауыл шаруашылығы жануарын иеленушіге беріледі.

3-тарау. "Ауыл шаруашылығы жануарлары туралы мәліметтерді өзектендіру (түзету)" мемлекеттік қызметін көрсету тәртібі

29. Мемлекеттік қызметті облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

"Ауыл шаруашылығы жануарлары туралы мәліметтерді өзектендіру (түзету)" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) осы Қағидаларға 3-қосымшада көрсетілген.

30. Мемлекеттік қызметті алу үшін жеке немесе заңды тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушіге немесе порталға осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша дерекқорда ауыл шаруашылығы жануарлары туралы мәліметтерді өзектендіруді (түзетуді) жүргізуге өтінішті (бұдан әрі – өтініш) және тізбенің 8-тармағында көрсетілген құжаттарды жібереді.

Жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкерді тіркеу туралы не дара кәсіпкер ретінде қызметінің басталғаны туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкіметтің" мемлекеттік ақпараттық жүйелерінен алады.

Портал мен ақпараттық жүйелердің ақпараттық өзара іс-қимылы Ақпараттандыру туралы заңның 43-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

31. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті берушінің басшысы айқындаған ветеринария саласындағы маман Тізбенің 8-тармағында көрсетілген өтініш пен құжаттарды тіркеуді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті алушы Тізбенің 8-тармағында көзделген құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші өтінішті қабылдаудан бас тартады.

Өтініштің қағаз жеткізгіште қабылданғанын растау оның көшірмесінде күні мен уақыты көрсетілген тіркеу туралы белгі болып табылады.

Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы жүгінген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру одан кейінгі жақын жұмыс күні жүзеге асырылады.

32. Өтініш осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша дерекқорда ауыл шаруашылығы жануарлары туралы мәліметтерге өзектендіруді (түзетуді) жүргізуге өтініштерді тіркеудің электрондық журналында тіркеледі.

33. Ветеринария саласындағы жауапты маман құжаттар тіркелген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде:

